

БЕКІТЕМІН: *Дос*
Мектеп директоры м.а
А.Б.Исбуסיнова
« 29 » тамыз 2024ж.



КЕЛІСЕМІН *Досмет*
Директордың оқу
ісі жөніндегі орынбасары
Н.М.Досмағамбетова
« 28 » тамыз 2024ж.

**«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ
Шахмат үйірмесінің жылдық жоспары**

Үйірме жетекшісі: Н.О.Досмағамбетов

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Астанада өткен тез шахмат пен блиц чемпионатының ашылу салтанатында «Шахмат адамдарды тез ойлатады, шешім қабылдатады және қадам жасатады. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген балаларының спорттың осы түрімен айналысатынына қуаныштымын» деген болатын. Сонымен қатар мектептердің оқу жоспарларына шахмат сабақтары енгізіліп отыр.

Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет

Курс мақсаты:

шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Курс міндеті:

Білім беру:

- Шахматтың шығу тарихымен таныстыру;
- Ойын ережелерін үйрету;
- Оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

Жетілдіру:

- Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;
- Төзімділігін, өз өзіне және қарсыласына сынмен қарауын;
- Логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту;

Тәрбиелік:

- Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;
- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;
- Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың «шахмат» ойынын жүйрік меңгеруі, алға қарай ұмтылып, жарыстарға қатысып, ойынға деген қызығушылықтарының артуы.
2. Еңбек пен демалыс режимін сауықтырудың теориясы мен практикасы саласында дүниетанымы қалыптасуы
3. Кәсіби қолданбалы мәнге ие дене жаттығуларын, ойлау қабілеттерінің дербес меңгеру дағдыларының жетілуі

Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағаттан

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты	Ескерту
1	Шахмат ойынының тарихы	1	03.09.2024	
2	Шахмат тақтасы. Фигуралар, пешкалар жүрістері	1	10.09.2024	
3	Шах және мат	1	17.09.2024	
4	Рокировка. Фигуралардың салыстырмалы күші	1	24.09.2024	
5	Тең ойын жағдайлары	1	01.10.2024	
6	Ауыр фигуралармен мат қою	1	08.10.2024	
7	Жеңіл фигуралармен мат қою	1	15.10.2024	
8	Шахмат есептері	1	22.10.2024	
9	Пешканы ферзiге шығару. Оппозиция. Квадрат ережесі	1	05.11.2024	
10	Партия сатылары: дебют, миттельшпиль, эндшпиль	1	12.11.2024	
11	Ойынды қалай бастау керек? Дебюттегі қателіктер	1	19.11.2024	
12	Ойынды жазып жүру нотациясы	1	26.11.2024	
13	Практикалық сабақ	1	03.12.2024	
14	Қос соққы, байлап ойнау және оған қорғаныс	1	10.12.2024	
15	Ашық шах. Қос шах	1	17.12.2024	
16	Ойындағы комбинациялар	1	24.12.2024	
17	Практикалық сабақ	1	14.01.2025	
18	Шахмат есептері	1	21.01.2025	
19	Патқа ойнау, «құтырған» ладья	1	28.01.2025	
20	Король қорғанысын бұзып өту	1	04.02.2025	
21	Рентген	1	11.02.2025	
22	Шахмат есептері	1	18.02.2025	
23	Пешкалық эндшпиль	1	25.02.2025	
24	Практикалық сабақ	1	04.03.2025	
25	Шахмат ойынының әдістері	1	11.03.2025	
26	Практикалық сабақ	1	18.03.2025	
27	Шахматтан әлем чемпиондары	1	01.04.2025	
28	Ашық дебюттер	1	08.04.2025	
29	Жартылай ашық дебюттер	1	15.04.2025	
30	Жабық дебюттер	1	22.04.2025	
31	Практикалық сабақ	1	29.04.2025	
32	Шахмат есептері	1	06.05.2025	
33	Сайыстар	1	13.05.2025	
34	Қайталау сабағы	1	20.05.2025	

Қолданылған әдебиеттер:

Мұғалімдерге арналған:

1. Қ.Әлішев, С.Сауқанұлы «Шахмат оқулығы» Ақтөбе 2002
2. А.Я.Габбазова «Учимся играть в шахматы – развиваем интеллект» учебное пособие Ульяновск 2007
3. М.Дауылбаев, Ж.Мақажанов «Шахмат ойыны» Қазақстан 1984
4. Б.Шифферс. Самоучитель шахматной игры
5. Р.Шпильман. Теория жертвы
6. Е.Я.Гик «Шахматы и математика» Москва 1989
7. Кобленц А. Волшебный мир комбинаций. – М.: ФиС, 1980.
8. Костьев А. Уроки шахмат. – М.: ФиС, 1984.
9. Сухин И. 1000 самых знаменитых шахматных комбинаций. – М.: Астрель, АСТ, 2001.
10. Журавлев Н. Шаг за шагом. – М.: ФиС, 1986.

Оқушыларға арналған:

1. Қ.Әлішев, С.Сауқанұлы «Шахмат оқулығы» Ақтөбе 2002
2. А.Я.Габбазова «Учимся играть в шахматы – развиваем интеллект» учебное пособие Ульяновск 2007
3. В.Зак «Пути совершенствования» Москва 1981
4. Авербах Ю., Бейлин М. Шахматный самоучитель. – М.: ФиС, 1970.
5. Бондаревский И. Комбинации в миттельшпиле. – М.: ФиС, 1965.
6. Капабланка Х.Р. Учебник шахматной игры. – М.: ФиС, 1983.